

## ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

# БАСТЫ БАСЫМДЫҚТАРДЫ БЕЛГІЛЕП БЕРДІ

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К.Тоқаев биылғы Жолдауында Қазақстан Республикасының жаңа банк заңнамасын жаңа редакциялық мәтін болынша қабылдау туралы нұсқау берді. Бул нұсқауды құптауга болады.

Себебі, жаңа заң еліміздегі екінші деңгейлі банк жүйесінің жалпы қызметі, оның ішінде, әсіресе, кредиттік жүйедегі олқылықтар мән кемшіліктерді түзеү арқылы банктік қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеуге үлес қосады.

Келесі ретте ҚР Президенті: «Еліміздегі халықтың қаржылық, цифрлық сауаттылығын арттыру жөніндегі

нұсқаулығы қисынды болып келеді. Себебі, қаржылық кредиттер алыш, оларды өздерінше тиімсіз жұмысау нәтижесінде бірката отбасылардағы қарым қатынастар жағымсыз сипатта көрініс беріп келеді. Бұл ретте қаржылық алайқтардың әрекеттері, әсіресе, ұялы байланыс тетіктері арқылы жасалуда. Осыған орай, ұялы телефондардың нөмөрлері тиісті тіркеуден өтпе-

се, оларды тіркеусіз қолдануға тыйым салу қажет», - деп атап көрсетti.

Қоғамда үзак уақыт бойы айтылып келген мәселе – бюджет тапшылығы туралы да Президент сез қозгады. Үнемілдікпен өмір сүру – бұл мемлекеттік қаржының тұрақтылығының жалғыз мүмкін рецепті, сондыктan бірінші кезектегі және стратегиялық емес міндеттерге шамадан тыс шығындар алышып тасталуы қажеттігін де атап өткен болатын. Сонымен қатар, Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп бюджет ақшасын тиімді пайдалануга, шығыстарды шектеуге және қатаң бакылауға бағытталған пәрменді шаралар қабылдауды қажеттігін де ескертпін өтті. Осылайша Президент әртурлі бағыттарға илуғе жол бермей, басымдықтарды нақты белгілеп берді.

6 қазанды өттін АЭС құры-

лысы бойынша алдағы референдумға ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, Президент қойған міндеттер де карбонизация және экологиялық қауіпсіздік бойынша міндеттемелерді орындау кезінде энергиямен қамтамасыз етуді талап етеді. Менің ойымша, халықтың көпшілігі атом электр станциясының құрылышын қолдайды, ал Үкіметтің міндетті – мердігерлерді таңдаудан бастап қоршаған ортага әсер ету мен тәуекелдерді болжауға дейінгі жобаның барлық кезеңдері туралы қоғамды сенімді және жеткілікті әкпаратпен қамтамасыз ету.

**Ж. ОРЫНТАЕВ,  
М. Әуезов атындағы ОҚУ  
заң факультеті  
азаматтық құқық және  
азаматтық іс журғизу  
кафедрасының  
профессоры**